

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ
ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНБАЛЫ ПСИХОЛОГИЯ КАФЕДРАСЫ

Факультеттің Ғылыми Кеңес мәжілісінде

Бекітілді

Факультет деканы

Б.Б. Мейрбаев

№11 хаттама

26.06.2025ж.

«6B03107- «Тұлға психологияның теориясы мен практикасы»

4 курс психология бөлімі мамандықтарына

білім берудің

ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

4 кредит,

4 курс, қазақ бөлімі, күзгі семестр

Алматы, 2025

«6B03107- «Тұлға психологияның теориясы мен практикасы»

пәні бойынша қорытынды емтихан бағдарламасын жалпы және қолданбалы психология кафедрасының профессоры, психология ғылымдарының докторы Тоқсанбаева Н.Қ. дайындаған

Кафедра мәжілісінде қаралып, ұсынылды.
«26» 06.2025 ж., хаттама №21

Кафедра меңгерушісі _____ Нурмаханбетов А.Л.

Кіріспе

Пән бойынша қорытынды емтихан түрі – жазбаша (offline). Емтихан сұрақтары пән бойынша оқытылған дәріс, семинар және СӨЖ тапсырмаларының барысында құрастырылады. Емтиханға дайындық барысында курстың негізгі теориялық мазмұнын, терминология мен әдістерді де қайталау қажет.

Емтихан өткізу ерекшеліктері: емтихан барысында студент емтихан сұрақтарына белгіленген кестеге сәкес, жазбаша жауып береді. Жоғары ажыратымдылықтағы бейне камералары бар және дыбыс жазылатын аудиториялар мен дәріс залдарында offline режимінде өтеді.

Пәннің мақсаты:

Тұлға психологиясының теориясы мен тәжірбиесі пәнінің ғылыми-практикалық білімдерін меңгеру. студенттерге тұлға жөніндегі психологиялық теориялар мен қазіргі заманғы бағыттар, оны зерттеудегі негізгі принциптермен таныстыру, студенттер бойында тұлға феномені психологиялық ақиқат болмыс ретінде ұғынуын қамтамасыз ету, өмір жолы барысындағы тұлға дамуының заңдылықтарын түсінуді қалыптастыру. Студенттерде психологияның ғылыми аппаратының әдіснамалық, тарихи негіздерін талдау қабілеттілігін дамыту.

Оқыту нәтижелері:

Курсты оқу нәтижесі бойынша магистр қабілетті болады:

ОН 1: Тұлға психологиясының теориясы мен тәжірбиесі пәнінің ерекшеліктері жайлы базалық түсініктерін қазақ (орыс) және шетел тілдерінің бірінде тұрмыстық, ғылыми және кәсіби сферада пайдалану мен көрсете білу
ОН 2: Жеке тұлғаның өзгеру заңдылықтарын өлшеу үшін және басқа жеке айырмашылықтарды анықтау үшін жобалық ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге заманауи тәсілдемелермен таныстыру, теориялық және тәжірибелік білімдерін қалыптастыру.

ОН 3: Тұлға психологиясы ғылымының даму тарихына байланысты психологиялық жұмыс бағдарламаларын әзірлеу және сараптау;

ОН 4: жеке тұлғаны түсінуге қатысты негізгі теориялық көзқарастарды салыстыруға: биологиялық, психоаналитикалық, когнитивтік, мінез-құлық, гуманистік, әлеуметтік; жалпы білім беруде өзі және өзгелер туралы психологиялық ақпаратты біріктіру және негізделген пікірлерді тұжырымдау;

ОН5: психологиялық ғылыми тілде теориялар заңдылықтарына сүйене отырып олардың дамуын түсіндіру және жобалау;

Емтиханды өткізу формасы

СТАНДАРТТЫ ЕМТИХАН: ЖАЗБАША.

Жазбаша емтихан тапсыру процесі емтихан билетін автоматты түрде құруды қамтиды. Білім алушыға мәтінді берілген сұрақтар бойынша жазбаша жауап қалыптастыру қажет.

Оқытушы Univer АЖ (univer.kaznu.kz) сұраулығына пән бойынша әзірленген емтихан сұрақтарын жүктейді.

Әр билет үш блокқа бөлінген сұрақтардан тұрады.

Бірінші блокқа оқыту объектісін білу мен түсінуді бағалайтын когнитивті (білімділік) құзыреттілік сұрақтары енеді. Бұл студенттердің оқыту аймағындағы алдыңғы қатарлы білімді түсіну мен білімін көрсету қабілетін қамтиды.

Екінші блокқа ақпаратты қолдану және талдау іскерлігін бағалайтын функционалдық құзыреттілікті анықтайтын сұрақтар кіреді. Бұл студенттердің зерттеу аймағындағы дәлелдерді қалыптастыру мен негіздеу және мәселелерді шешу арқылы өз білімін қолдана білуі және түсінуін қарастырады.

Үшінші блокқа ақпаратты синтездеу және бағалау іскерлігін анықтайтын жүйелік құзыреттілік мәселелері кіреді. Мұнда студенттердің пікірлерді дәлелдеу, эссе жазу, шығарма жазу қабілеттері бағаланады.

Пән бойынша қорытынды емтихан 15 апталық оқытудан кейін жүргізіледі. Емтихан түрі – жазбаша.

Емтихан тапсыруға дайындалуға арналған тақырыптар:

Тақырыптар:

1. Тұлға психологиясының теориясы мен тәжірбиесі пәнінің жалпы мәселелері мен негізгі даму кезеңдері және зерттеу әдістері.
2. Тұлғаның бүгінгі теорияларына жалпы сипаттама, басқа ғылымдардың арасындағы рөлі және орны.
3. Тұлға теорияларын психологиялық талдау критерийлері. Психология және тұлғааралық коммуникация психологиясы..
4. Тұлғаның қозғаушы күші және даму шарты. Адам тұлғасының дамуындағы индивидуалды қасиеттердің рөлі мен маңызы.
5. Адам және адамзат туралы ғылымдар, философия шеңберінде психологиялық білімнің дамуы.
6. Тұлғаның құрылымы және оны зерттеудегі әртүрлі методологиялық ықпалдар. Тұлға теориясының маңызды мәселелері. Тұлға теорияларын бағалау өлшемдері.
7. «Тұлғаны рухани-адамгершілік тұрғыдан тәрбиелеуді ұйымдастырудың педагогикалық шарттары» ғылыми жоба жазу.
8. Тәжірибеде қолдану үшін тұлғаның психологиялық теорияларын зерттеу.
9. Сіздің тұлғаңызды бағалау және түсіну әдістері.
10. Тұлғаның құрылымдық компоненттері: биологиялық, психикалық және әлеуметтік жақтары.
11. Тұлға психологиясының теориясы мен тәжірбиесі пәнінің қазіргі эмпирикалық зерттеулерді талдау.
12. Тұлға теориясындағы психодинамикалық бағыттар (З.Фрейд). Психопатология және психикалық денсаулық бағытында қолданудың тәжірибелік маңыздылығы.
13. Тұлғаның индивидуалды терапиясының негізгі тезистері. Әлеуметтік қызығу түсінігі. Өмір стилі. К. Хорнидің әлеуметтік мәдени теориясы. Неофрейдизм және тұлға психологиясы (Э.Эриксон, Э.Фромм, К.Хорни)(мәселелік оқыту)..
14. Тұлға туралы индивидуалды және аналитикалық психология теорияларын тәжірибеде қолданылуы.
15. Тұлғаның құрылымы. Инстинктер адам мінез-құлқының қозғаушы күші ретінде. Психодинамикалық бағытты қайта қарау нәтижелері: тәжірибелік маңыздылығы.
16. К.Г. Юнгтің аналитикалық теориясы. Тұлғаның құрылымы. Коллективті және жеке бейсаналық бағытта психологиялық тренинг ұйымдастыру
17. Тұлғааралық қарым-қатынасқа бітістер тұрғысынан келу. Тұлғааралық қарым-қатынасқа когнитивтік бағыт тұрғысынан келу. (Дж.Келли). “Когнитивтік тұлға теориясы: Дж. Келлидің тұлғалық конструкт теориясы пайдаланып тәжірибелік зерттеулер жүргізу..
18. Эриксонның эпигенетикалық теориясы. Эго-психология: психоанализдің даму нәтижесі. Э. Фромм теориясы. Қазіргі жаңа мәдениеттегі тұлғаны эксперименттік зерттеу.
19. Эпигенетикалық принцип. Тұлға дамуының психосоциалды сатылары. Базалық сену-базалық сенбеу. Еркіндіктен қашу механизмдерін практикада қолданудың жолдары..
20. Психологиядағы әртүрлі парадигмалар. Тереңге бойлайтын психология (З. Фрейд, К. Г Юнг, А. Адлер және т. б) бойынша тұлғаға кеңас беру жолдары.
21. Психоаналитикалық әдістің диалогтік сипатын талдау
22. Тұлғаны психологиялық зерттеудегі гуманистік бағыт (А.Маслоу)..

Ұсынылатын әдебиеттер:

1 Негізгі әдебиет:

Негізгі әдебиеттер

1. Абульханова К.А. Психология и сознание личности. М. Воронеж. 2019
- 2.Абдулханова-Славская К.А Стратегия жизни. М.Мысль.2021.225.
3. Асмолов А.Г. Психология Личности. М.2011.416с. и др. издания
- 4.Божович Л.И. Проблемы формирования личности. М. Воронеж. 2017. 352с.
- 6.ЛеонтьевА.Н. Детельность. Сознание Личность. М 2019.
- 7.Мясищев В.Н. Психология отношений. М. Воронеж. 2018.
- 8.Психология Личности в трудах отечественных психологов. СПб. : Литер. 2000 480с
5. Қосымша әдебиеттер
 1. Жақыпов С.М. Жалпы психологияға кіріспе. – Алматы, 2013.- Алматы: «Қазақ университеті», 2014. - 162 б.
 2. Ахтаева Н.С. Әлеуметтік психология. Оқу құралы. «Қазақ университеті» 2018ж. 213стр

3. Бердібаева С.Қ. Тұла психологиясы. А, Қазақ университеті, 2016, 154 б.
4. Жұбаназарова Н.С. Жас ерекшелік психологиясы. Оқулық. «Қазақ университеті» 2014ж.- 354стр
5. Зейгарник Б.В. Теории личности в зарубежной психологии М.: Академия, 2015 – 160с.

Интернет-ресурстар:

- 1.<http://www.psychology.ru>
- 2.<http://www.flogiston.ru>
3. <http://www.colorado.edu/VCRsearch/integrity/humanresearch/CITI.htm>
4. CyberBear (<http://cyberbear.umt.edu>)
- 5.<http://www.umt.edu/psych/>)

БАҒАЛАУ САЯСАТЫ
BAK/MAG/DOC СТАНДАРТТЫ ЕМТИХАН: ЖАЗБАША

№	Критерий/балл	Дескрипторлар				
		Өтежақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық	Қанағаттанарлықсыз	
		90–100%(27-30 балл)	70–89%(21-26 балл)	50–69%(15-20балл)	25–49%(8-14балл)	0–24%(0-7балл)
1 сұрақ 30 балл	Курс теориясы мен тұжырымдамаларын білу және түсіну	«Өте жақсы» деген баға сұрақтың жан-жақты түсіндірмесі, әрбір қорытынды мен мәлімдеме үшін егжей-тегжейлі дәлелі бар, логикалық түрде құрастырылған және әзірленген тақырыптардан мысалдармен расталған жауап үшін қойылады.	«Жақсы» деген баға сұрақтың толық, бірақ толық емес қамтылуын, негізгі ережелердің қысқартылған аргументтерін қамтитын және материалды беру логикасы мен реттілігін бұзуға мүмкіндік беретін жауапқа қойылады. Жауапта стильдік қателер мен терминдерді дұрыс қолданбауы кедергі келтірмейді.	«Қанағаттанарлық» бағасы билетте ұсынылған сұрақтарды толық қамтымаған, негізгі ойларды үстірт дәлелдейтін, баяндаудағы композициялық теңгерімсіздіктерге, материалды баяндау логикасы мен реттілігін бұзуға жол берген жауапқа қойылады. Әзірленген жазбаларынан мысалдармен теориялық ойлары көрсетілмейді.	Қойылған сұрақтарды дұрыс қамтымау, қате дәлелдеу, фактілік және сөздік қателер, дұрыс емес қорытындыны болжау.	Негізгі ұғымдарды, теорияларды білмеу...; Қорытынды бақылауды өткізу ережесін бұзу.
2 сұрақ 35 балл	Таңдалған әдістеме мен технологияны нақты практикалық тапсырмаларға қолдану	Оқу тапсырмасын толық орындау, қойылған сұраққа егжей-тегжейлі, дәлелді жауап беру, содан кейін курстың практикалық мәселелерін шешу;	Оқу тапсырмасын ішінара орындау, толық емес, курстың практикалық мәселелерін толық шешпей қойылған сұраққа дәлелді жауап беру; курс бойынша ғылыми тіл нормаларын сауатсыз пайдалану;	Материал фрагменттелген, логикалық дәйектілікті бұза отырып, нақты және семантикалық дәлсіздіктерге жол беріледі, курстың теориялық білімі үстірт қолданылады.	Тапсырманы шешудің ұтымсыз әдісі немесе жеткілікті ойластырылмаған жауап жоспары; тапсырмаларды шеше алмау, тапсырмаларды жалпы түрде орындау; нормадан асатын қателіктер мен кемшіліктердің	Тапсырмаларды шешу үшін білімді, алгоритмдерді қолдана алмау; қорытынды және нәтиже жасай алмау. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.

№	Критерий/ балл	Дескрипторлар				
		Өтежақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық	Қанағаттанарлықсыз	
		90–100% (36-40балл)	70–89% (35-28балл)	50–69% (27-20балл)	25–49% (19-10балл)	0–24% (0-9балл)
3 сұрақ 35 балл	Таңдалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға Қолданылуын бағалау және талдау, алынған нәтиженің негіздемесі	Ғылыми ұстанымды және қолданылған әдістемемен технологияны дәйекті, қисынды және дұрыс негіздеу, сауаттылық, ғылыми тіл нормаларын сақтау, жалпы дұрыс тұжырымдарға әсер етпейтін материалды ұсынуда 1-2 дәлсіздікке жол беріледі (+графикалық деректер арқылы негіздеу нәтижелерін визуализациялау).	Тұжырымдамалық материалды пайдалануда 3-дәлсіздікке, жалпылау мен тұжырымдардағы кішігірім қателіктерге жол беріледі, бұл тапсырманың жақсы жалпы деңгейіне әсер етпейді.	Негізделген ғылыми ережелердің қолданылуы туралы тұжырымдар нақты емес және нәтижесіз, стилистикалық және грамматикалық қателіктер бар, сонымен қатар практикалық шешімнің нәтижелерін өңдеуде дәлдік жоқ	Тапсырма өрескел қателіктермен орындалды, сұрақтарға жауаптар толық емес, тұжырымдамалық материалдар мен дәлелдер нашар пайдаланылды.	Тапсырма орындалмады, қойылған сұрақтарға жауаптар жоқ, талдау материалдары мен құралдары пайдаланылмады. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.

Емтихан билеттері 3 сұрақтан тұрады.

Дұрыс орындалған тапсырмалар үшін ең көбі - 100балл, оның ішінде
бірінші сұраққа – 30балл,
екінші сұраққа- 35 балл,
үшінші сұраққа- 35 балл.